

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 және 1997 жылғы 21 қарашадағы N 1636 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 1 шілдедегі N 728

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 .

2 .

ЕСКЕРТУ. 1,2-тармақтар күшін жойды - ҚРҰ-нің 1999.04.09. N 394 қаулысымен. Р 9 9 0 3 9 4 _

3. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын іске асыру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 P971551_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының аппараты қызметкерлерінің штат саны" деген 2-қосымшадағы "Бірліктердің саны" деген бағандағы "Еңбекәлеуметмині" деген жолдағы "159" деген сан "170" деген санмен ауыстырылсын ;

"Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік" деген жолындағы "478" деген сан "467" деген санмен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары аппаратының қызметкерлеріне қызмет көрсетуге арналған қызметтік жеңіл автомобильдер санының лимиті" деген 3-қосымшадағы "Бірліктердің саны" деген бағандағы "Еңбекәлеуметмині" деген жолдағы "5" деген сан "6" деген санмен ауыстырылсын .

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі